

Жекешелендіру объектілерін сату жөнінде ашық тендерлерді өткізудің тәртібі туралы Ережені бекіту жөнінде<*> ЕСКЕРТУ. Мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің 1997.08.04. N 386 (V970386) қаулысымен.

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 11 маусым N 240 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 23 шілде N 186 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2000 жылғы 25 тамыздағы N 195 бұйрығымен.

<ATTR name="zg" value="Жекешелендіру объектілерін сату жөнінде ашық тендерлерді өткізудің тәртібі туралы Ережені бекіту жөнінде ; ЕСКЕРТУ. Мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің 1997.08.04. N 386 (V970386) қаулысымен. "/>

;

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 23 желтоқсанындағы N 2721 Заң күші бар "Жекешелендіру туралы" Жарлығын орындау Мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті қаулы етеді:

1. Ұсынылған "Жекешелендіру объектілерін сату жөнінде ашық тендерлер өткізу тәртібі туралы Ереже" бекітілсін.

2. Жекешелендіру жөніндегі аумақтық комитеттер: объектілерді ашық тендерлерде сатуды Мемлекеттік комитетпен келісе отырып, жоғарыда көрсетілген Ереже негізінде жүргізісін;

Сатып алушының коммерциялық тендер кезінде - тендер шартын, инвестициялық тендер кезінде - тендер шарты мен бағдарламасын орындауына бақылау жасалуын қамтамасыз етсін.

3. Әлеуметтік инфрақұрылымдар объектілерін жекешелендіру басқармасы (Н.Ж.Махимовқа) мен акциялардың мемпаketін сату басқармасы (Қ.С.Құттыбаевқа) ашық тендер арқылы сатылатын объектілердің жедел-аналитикалық есебін жасасын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Төраға орынбасарлары Т.С.Сарабекова мен Ю.Е.Дуберманға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Жекешелендіру
жөніндегі департаменті
1996 жылдың 11 маусымындағы
N 240 қаулысымен
бекітілген

Жекешелендіру объектілерін сату жөнінде ашық тендерлер өткізудің тәртібі туралы Ереже I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 23 желтоқсанындағы N 2721 Заң күші бар Жарлығына сәйкес әзірленді және жекешелендіру объектілерін сату жөніндегі ашық тендерлер өткізудің тәртібін реттейді.

2. Ереже ашық тендерді өткізу мен ұйымдастырудың жалпы тәртібін, қатысушылардың ұсыныстарын қарауды, тендерде жеңіске жеткен тұлға туралы шешім қабылдау мен жекешелендіру объектісіне меншік құқығын ресімдеуді анықтайды.

3. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"Сату объектісі" - мүліктік кешен есебіндегі мемлекеттік кәсіпорын мен мекеме; одан тұйық технологиялық циклды бұзбай бөлініп шыққан бөлімшелер мен құрылымдық бірліктер; шаруашылық серіктестіктерінің жарғылық қорындағы үлестері мен акциялары.

"Сатушы" - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті мен оның аумақтық комитеттері.

"Қатысушы" - тендерге қатысу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген заңды немесе жеке тұлға.

"Тендер" - белгілі бір шарт бойынша жекешелендіру объектілері сатылатын ашық сауда.

"Коммерциялық тендер" - жеңімпаз болып тендер шартына келіскен, жекешелендіру объектісі үшін ең жоғары баға ұсынған қатысушы саналатын, қатысушылар арасындағы сауда.

"Инвестициялық тендер" - комиссия шешімі бойынша жеңімпаз болып тендер шартына сәйкес ең жақсы бағдарлама ұсынған қатысушы саналатын сауда.

"Объектінің бастапқы бағасы" - объект тендерге қойылған кездегі баға.

"Тендерде жеңіске жеткен тұлға" - коммерциялық тендерде ең жоғары бағаны ұсынған Қатысушы немесе инвестициялық тендерде ең жақсы бағдарламаны ұсынған Қатысушы.

"Сатып алушы" - тендерде жеңіске жеткен және Сатушымен белгіленген жағдайда объектіні сатып алу-сату шартын жасаушы Тұлға.

4. Сату объектісін тендерге қою мен тендер түрін таңдау жөніндегі шешімді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті қабылдайды. < * >

5. Тендерді ұйымдастыру мен өткізуді Сатушы қолданылып жүрген заңдарға сай және осы Ережемен анықталатын тәртіппен жүргізеді.

С а т у ш ы :

- тендер өткізілетін орын мен мерзімін бекітеді;
- тендер комиссиясын құрады;
- тендерді ұйымдастыру мен өткізудің барысына бақылау жасайды;
- тендерде жеңіске жеткен Тұлғалармен сатып алу-сату шартын жасайды және оның жүзеге асырылуына бақылау жасайды;
- Қатысушылармен, Сатып алушылармен есептеседі.

Сату объектісінің бастапқы бағасын анықтау жөнінде есеп жүргізу үшін, сондай-ақ тендерлік шартқа сай Сатушы тәуелсіз консалтинг қызметін пайдалануға құқылы.

II. Тендер комиссиясы

6. Тендерді өткізу мен дайындау үшін Сатушы құрамына Сатушының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүліктер мен активтерді басқару жөніндегі департаменті, Экономика министрлігінің және Сатушы қарауына орай басқа да мүдделі ұйымдардың өкілдері кіретін комиссия құрады. Комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан аз болмауы тиіс. Комиссия төрағасы болып Сатушы өкілі тағайындалады.

Комиссия шешімі комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда комиссия төрағасының шешуші дауысқа құқы болады. Дауыс беру тәсілін (ашық, жабық) комиссия анықтайды.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы Министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің 1997.08.04. N 386 қаулысымен.

7 . К о м и с с и я :

- өз жұмысының регламентін дербес әзірлейді және бекітеді;
- тендер шартын бекітеді және анықтайды және сатудың тәсілін;< * >
- тендер объектісінің бастапқы бағасын бекітеді;
- кепілдік жарна мөлшерін белгілейді;
- ақпараттық хабарлама жариялау туралы шешім қабылдайды;
- тендер өткізеді;
- тендерде жеңіске жеткен Тұлғаны хабарлайды.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді - ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеттің 1996.08.02. N 354 қаулысымен

8. Тендер өткізуге дайындықты ақпараттың уақтысында жариялануын қамтамасыз ететін, қатысушыларды тендер шарттарымен таныстыратын, өтінімдер қабылдап, қатысушыларды тіркеуден өткізетін, түскен материалдарды комиссия қарауына беретін Сатушы жұмысшылары құрамындағы жұмыс тобы жүргізеді.

III. Тендерді өткізу мен ұйымдастыру

9. Тендердің шарттары болып:

- кәсіпорынның анықталған көлемінің, шығарылатын өнім номенклатурасының немесе көрсетілетін қызметтің анықталған деңгейін қамтамасыз ету;
- анықталған тұтынушыға өнім жеткізу;
- бағаны қайта тағайындау шарты, соның ішінде бағаны шекті деңгейіне дейін шектеу;
- табиғатты қорғау шараларын жүргізу;
- жаңа жұмыс орнын құру немесе сақтау;
- өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдар объектілерін пайдаланудың қолданылып жүрген шарттары мен ретін сақтау;
- сату бағасы;
- объекті инвестициялық көлемі, түрі және мөлшері бойынша міндеті;
- кредиторлық қарыздың белгіленген мерзімде өтелуі;
- еңбек ақысы жөніндегі қарыздарды өтеу;
- келісім жасауға шек қою (қайта сату, кепілдік, басқаруға беру) мен уақыттың белгілі кезеңінде объектімен қатынас жасауға шек қою;
- комиссия қабылдайтын басқа да шарттар саналады.

10. Комиссия тендер шартын, объектінің бастапқы бағасын, кепілдік жарна көлемін, ұзартылған мерзімге сату мүмкіндігін бекітеді және тендерді ұйымдастыру бойынша басқа да әрекет түрлерін жасайды.

Тендерге қатысу үшін төленетін кепілдік жарна объектінің бастапқы бағасының 5-15 проценті мөлшерінде белгіленеді. Саудаға голланд әдісі бойынша қойылатын нысандар бойынша кепілдік жарнаның мөлшері нысанның бастапқы бағасының 5 процентіне дейінгі мөлшерде тағайындалуы мүмкін.<*>

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің 1997.08.04. N 386 қаулысымен.

11. Тендерді өткізу жөніндегі ақпараттық хабарлама, қатысушылардың жіберілуі Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 23

желтоқсанындағы Заң күші бар N 2721 Жарлығымен және сәйкес нормативтік актілермен реттеледі.

12. Тендерге қатысушыларды тіркеу ақпараттық жарияланым жарық көрген күннен басталады және тендер өткізуге үш күн қалғанда аяқталады. Тендерге қатысуға талап білдіруші комиссияға қабылдау мерзімін ұзартуды сұрап, өтінім жасауға құқылы. Комиссия келісім берген жағдайда мерзімнің ұзартылуы жөніндегі шарт барлығына бірдей хабарланады.

13. Тендерге қатысуға берілген өтінімге заңды немесе жеке тұлғалардың тендерді өткізу туралы ақпараттық хабарламада бекітілген объектінің сатып алу-сату шартын жасасуға жазба түріндегі міндеттемесі кіргізіледі.

Коммерциялық тендерге қатысуға берілген өтінімге объектінің сатып алу бағасы жөніндегі коммерциялық ұсыныс қоса тіркеледі.

Инвестициялық тендерге қатысуға берілген өтінімге тендер шартына сәйкес құрылған бағдарлама және объектінің бағасы жөніндегі ұсыныс қоса ұсынылады.

Тендерге қатысуға талап білдірушілер құжаттары арнайы журналға тіркелген соң, тендер өткізілетін күнге дейін арнайы сейфте сақталады.

14. Тендерге қатысушылардың өтінімін қабылдау мен тіркеу қажетті құжаттар түгел болған жағдайда ғана жүргізіледі. Тендерге қатысуға талап білдіруші тұлғалардың өтінімдерін қабылдаған жұмысшы топ хаттамасы комиссияға тендерге қатысушыларды тіркеу аяқталған күні беріледі.

15. Тендерге қатысушыларды тіркеу хаттамасы Комиссия арқылы қаралады және бекітіледі. Хаттама төмендегі мәліметтерді қамтуы тиіс:

өтінімді қабылдау күні мен орны;
тендерді өткізу орны мен күні;
тендерге қойылатын объектінің атауы;
тендерлік комиссияның жұмыс тобының құрамы;
тендерге қатысуға жіберілмеген қатысушы туралы мәлімет және мұндай шешімнің себебі;

тендерге жіберілген қатысушы туралы мәлімет.

Тіркеуден өткен тұлға тендерге Қатысушы мәртебесін алады.

16. Егер тендерге қатысуға тіркелушілер саны екеуден кем болса, тендер өткізілмейтіндігі хабарланады. Ал келесі үшінші және соңғы тендерде жекешелендіру объектісі жалғыз қатысушыға да сатыла беруі мүмкін.

17. Комиссия мәжілісінде қатысушылардың ұсыныстары көрсетілген өтінімдері қаралады және салыстырылады. Комиссия барлық нысандылықтың сақталуын тексереді, қажетті мәліметтер мен құжаттардың болуын анықтайды. Комиссияның барлық мүшелері әр қатысушының ұсынысымен танысуға тиіс.

18. Коммерциялық тендерді жүргізу кезінде Комиссия тендерде жеңіске

жеткен тұлға ретінде тендер шартын қанағаттандыратын және объект үшін ең жоғарғы бағаны көрсеткен қатысушыны жариялайды.

Егер коммерциялық тендерде екі немесе одан да көп қатысушылар бірдей бағаны көрсетіп және тендер шартын қанағаттандырып отырған жағдайда, Жеңімпазды анықтау үшін олардың арасында объект бағасы жөнінде сауда өткізіледі.

19. Инвестициялық тендерді жүргізу кезінде Қатысушылар бағдарламасын комиссия қарайды. Тендерде жетіскен жеткен тұлғаны Комиссия жеңімпазды айқындайтын белгіленген өлшемдерге сай анықтайды.

Комиссия тендерде жеңіске жеткен Тұлға ретінде тендер шартын қанағаттандыратын және анағұрлым тиімді бағдарлама ұсынған қатысушыны жариялайды.

Егер инвестициялық тендер кезінде екі немесе одан да көп қатысушылардың ұсынған бағдарламалары инвестиция және басқа факторлары жағынан бірдей мазмұнда құралған болса, онда Жеңімпазды анықтау үшін олардың арасында объект бағасы жөнінде сауда өткізіледі.

20. Комиссия шешімі комиссия мүшелері мен төрағасы қол қойған хаттамамен ресімделеді. Комиссия мүшелері жазба түрде өз пікірлерін білдіруге және оны хаттамаға қоса ұсынуға құқылы.

Комиссия барлық қатысушыларға тендердің қорытындысы туралы тендер аяқталған кейінгі күні жарияланады.

21. Тендердің қорытындысы жөніндегі хаттама тендер қорытындысын, сондай-ақ тендерге жеңіске жеткен тұлға мен келісілген жағдайларда сатып алу-сату шартын жасасқан Сатушының міндеттерін реттейтін құжат болып табылады.

Тендер аяқталғаннан кейінгі 10 календарлық күннен аспайтын мерзім ішінде қабылдау-беру актісі мәліметтері және тендер қорытындысы жөніндегі хаттама негізінде Сатып алушы мен Сатушы сатып алу-сату шартына қол қояды.

22. Объекті тендерде сатылмаған жағдайда сатушы оны сату жолдары жөнінде шешім қабылдайды. Егер объект алты ай мерзім ішінде сатылмаса Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүліктер мен активтерді басқару жөніндегі департаменті көрсетілген объектіге меншіктік құқын қайтарады. Объектіні сатуға берілген мерзім Меммүлікком қаулысымен ұзартылуы мүмкін.<*>

IV. Сатып алушылармен есеп айырысу тәртібі және меншіктік құқығын ресімдеу

23. Жекешелендіру объектісін сатып алу-сату келісім шарты Сатып алушы мен Сатушы арасында жазба түрде жасалады, онда келісім заты, екі жақтың міндеттері мен құқтары, объекті құны, түрі мен төлем мерзімі көрсетіледі.

24. Алдын ала төленетін немесе түпкілікті төленетін төлем мерзімі асып кеткен және Бағдарламаға сәйкес міндеткерліктердің орындалмаған жағдайында, Сатушы біржақты тәртіппен келісімді бұзуға құқылы.

25. Сатып алушының сатып алу-сату шарты бойынша жекешелендіру объектісі мен жер учаскесіне меншік құқығы мәміленің Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексімен және Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 25 желтоқсанындағы Заң күші бар "Жылжымайтын мүлік және онымен шарт жасау құқықтарының мемлекеттік тіркелуі туралы" Жарлығымен қаралған тәртіпке сәйкес тіркелген сәтінен басталады.

V. Жекешелендіру объектілерін сатудан алынған қаржы

26. Жекешелендіру объектілерін сатудан алынған қаржының тендерлерді өткізу мен ұйымдастыру шығыстарына жұмсалғаннан басқасы, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.